

Білім берудің оқу-әдістемелік орталығы

**Психологиялық қолдау бөлімінің
2023 жылға атқарылған жұмыстар есебі**

Ақтау қаласы, 2023жыл

2023 жылы жасалған жұмыстардың есебі

Орталықтың психологиялық қолдау бөлімінің мақсаты: білім беру ұйымдарындағы педагог-психологтер мен әлеуметтік педагогтерге әдістемелік сүйемелдеу, кәсіби шеберлігін арттыруға, тәжірибесін зерделеуге, жинақтауға, таратуға бағытталған жұмыстарды ұйымдастыруға қолдау көрсету. Осы бағытта мамандарға семинарлар, вебинарлар мен байқаулар ұйымдастырылады.


Маңғыстау облысында 145 жалпы білім беретін ұйымдарда 251 **педагог-психолог** бар. Оның 11 (4,4%) педагог-зерттеуші, 30 (12%) педагог-сарапшы, 78 (31%) педагог-модератор, 9(3,6%) психолог ескі форматтағы санатта, 123 (49%) санатсыз педагог-психологтер. Соның ішінді жас мамандар саны – 49 (19,5%) құрайды.


Педагог-психологтардың еңбек өтілдеріне тоқталатын болсақ, 0-3 жыл аралығы 49 (20%) педагог-психолог, 3-5 жыл – 31 (12%), 5-10 жыл – 78 (31%), 10-15 жыл – 44 (17%), 15 жылдан жоғары 49 (20%) бар.

Жалпы білім беру ұйымдарында 164 **әлеуметтік педагог** бар. Олардың 7 (4%) педагог-зерттеуші, 14 (9%) педагог-сарапшы, 33 (20%) педагог-модератор, 4 (2%) әлеуметтік педагог ескі форматтағы санатта, 106 (65%) санатсыз әлеуметтік педагогтерді құрайды.

Әлеуметтік педагогтердің еңбек өтілдеріне тоқталатын болсақ, 0-3 жыл аралығы 62 (38%) әлеуметтік педагог, 3-5 жыл – 32 (19%), 5-10 жыл – 36 (22%), 10-15 жыл – 21 (13%), 15 жылдан жоғары 13 (8%) әлеуметтік педагогті құрайды.

2023 жылы 390 педагог-психолог, 108 әлеуметтік педагог біліктілік арттыру курстарынан өтті.





Педагог-психологтер										
№	Аудан/қала	жалпы саны	жаңа форматтағы санат				Педагог	Ескі форматтағы санат		
			шебер	зерттеуші	сарапшы	модератор		жоғары санат	I санат	II санат
1	Ақтау	57	0	5	6	16	27	2	0	1
2	Жаңаөзен	39	0	0	4	12	22	0	0	1
3	Бейнеу	45	0	4	6	11	23	0	0	1
4	Қарақия	22	0	1	4	8	9	0	0	0
5	Маңғыстау	33	0	0	4	11	18	0	0	0
6	Мұнайлы	32	0	0	4	10	15	0	1	2
7	Түпқараған	19	0	0	0	10	8	0	1	0
8	БИЛ	1	0	1	0	0	0	0	0	0
9	ЖБИЛ	1	0	0	1	0	0	0	0	0
10	ОМИ	1	0	0	1	0	0	0	0	0
11	ОСМИ	1	0	0	0	0	1	0	0	0
Барлығы		251	0	11	30	78	123	2	2	5

Педагог-психологтердің еңбек өтілі

№	Аудан, қала	0-3 жылға дейін	3-5 жылға дейін	5-10 жылға дейін	10-15 жылға дейін	15 жылдан жоғары
1	Ақтау	12	4	21	5	15
2	Жаңаөзен	14	6	10	4	5
3	Бейнеу	4	8	11	10	12
4	Қарақия	7	0	7	3	5
5	Маңғыстау	2	3	14	7	7
6	Мұнайлы	8	7	7	6	4
7	Түпқараған	2	2	7	7	1
8	БИЛ	0	0	0	1	0
9	ЖБИЛ	0	0	0	1	0
10	ОМИ	0	1	0	0	0
11	ОСМИ	0	0	1	0	0
Барлығы:		49	31	78	44	49


Әлеуметтік педагогтер

№	Аудан/қала	жалпы саны	жаңа форматтағы санат				педагог	Ескі форматтағы санат		
			шебер	зерттеуші	сарапшы	модератор		жоғары санат	I санат	II санат
1	Ақтау	30	--	3	-	5	21	-	1	-
2	Жаңаөзен	23	-	1	1	1	20	-	-	-
3	Бейнеу	31	-	-	7	6	16	1	-	1
4	Қарақия	14	-	-	2	3	9	-	-	-
5	Маңғыстау	19	-	3	-	9	7	-	-	-
6	Мұнайлы	29	-	-	3	5	20	-	-	1
7	Түпқараған	16	-	-	1	4	11	-	-	-
8	БИЛ	-	-	-	-	-	-	-	-	-
9	ЖБИЛ	-	-	-	-	-	-	-	-	-
10	ОМИ	1	-	-	-	-	1	-	-	-
11	ОСМИ	1	-	-	-	-	1	-	-	-
Барлығы		164	-	7	14	33	106	1	1	2

Әлеуметтік педагогтердің еңбек өтілі

№	Аудан, қала	0-3 жылға дейін	3-5 жылға дейін	5-10 жылға дейін	10-15 жылға дейін	15 жылдан жоғары
1	Ақтау	12	4	5	7	2
2	Жаңаөзен	9	6	5	1	2
3	Бейнеу	7	6	9	4	5
4	Қарақия	3	3	2	4	2
5	Маңғыстау	6	4	6	2	1
6	Мұнайлы	13	7	6	3	-
7	Түпқараған	10	2	3	-	1
8	БИЛ	-	-	-	-	-
9	ЖБИЛ	-	-	-	-	-
10	ОМИ	1	-	-	-	-
11	ОСМИ	1	-	-	-	-
Барлығы:		62	32	36	21	13

Педагог-психологтер мен әлеуметтік педагогтердің біліктілік арттыру курстарынан өтуі (санмен)



**Білім беру ұйымдарындағы біліктілік арттыру курстарынан өткен
педагог-психологтер туралы мәлімет
2023 жыл**

№	Мамандар	Педагогикалық шеберлік орталығы (ПШО)	Адамның үйлесімді дамуының ұлттық институты (АҰДҰИ)			«Луара» қоғамдық қоры		«Демеу» қоғамдық қоры
		Тақырыптары						
		"Білім беру ұйымдары психологтарының кәсіби құзыреттерін дамыту бойынша"	«Білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықтың алдын алу»	"Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім берудің ғылыми-әдістемелік негіздері"	«Жалпы білім беру ұйымдарындағы инклюзивті білім беру»	«Жалпы білім беру ұйымдарында сөйлеу қабілеті бұзылған балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау»	"Жасөспірімдер арасындағы өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу"	
1	Педагог-психологтер	16	64	76	13	11	210	
Барлығы:		390 педагог-психолог						

**Білім беру ұйымдарындағы біліктілік арттыру курстарынан өткен
әлеуметтік педагогтер туралы мәлімет
2023 жыл**

№	Мамандар	Педагогикалық шеберлік орталығы (ПШО)	Адамның үйлесімді дамуының ұлттық институты (АҰДҰИ)	
		Тақырыптары		
		Оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамыту: отбасы, мектеп, мансап	«Білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықтың алдын алу»	"Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім берудің ғылыми-әдістемелік негіздері"
1	Әлеуметтік педагогтер	11	34	63
Барлығы:		108 әлеуметтік педагог		

Өткізілген семинарлар мен вебинарлар

2023 жылдың 17 қаңтар күні Ақтау қаласындағы С.Мұқашев атындағы №16 жалпы білім беру мектебінде директордың тәрбие жөніндегі орынбасарлары, педагог-психологтер, әлеуметтік педагогтер, қосымша және арнайы білім беру ұйымдары мамандарынан құралған облыстық қауымдастықтардың отырысы өткізілді.

Қатысушылар саны: 24 маман қатысты.

Күн тәртібінде төмендегідей мәселелер қаралып, қатысушылар өзара тәжірибе алмасып, тренингтер ұйымдастырылды:

1. Жылдық жоспарды талдау;
2. Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы №506 бұйрығымен таныстыру және талқылау;
3. «Қоғамда оқушылар арасында орын алатын буллингтің себептерін, әсерін талдау» тақырыбындағы жыл бойы зерттеу жұмыстарын жүргізу;
4. «Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған ден қою жөніндегі іс-қимыл алгоритмі»

Қатысушылар ұсыныс пікірлерін айтып, ұйымдастырушыларға ризашылықтарын білдірді.



2023 жылдың 23 қаңтар күні Ақтау қаласындағы И.Сүйеубаев атындағы №8 жалпы білім беретін мектепте педагог-психологтерге арналған «Педагог-психологтың тәжірибесіндегі ресурстық әдістер» тақырыбында облыстық семинар-практикум өтті.

Мақсаты: Педагог-психологтардың тәжірибесінде қолданылатын тиімді ресурстық әдістерді қолдану арқылы кәсіби шеберлігін арттыру және тәжірибе алмасу.

Семинарға облыстың жалпы білім беру ұйымдарынан 38 маман қатысты.

"Педагог-психологтың тәжірибесіндегі ресурстық әдістер" тақырыбында өткен семинар-практикумда өз іс-тәжірибесімен бөліскен педагог-психологтар:

1. Мұнайлы ауданы, Шоғы Мұңалұлы ат. №5 ЖББМ педагог-психологы Джайлханова Анар Ноғайқызы - "МАК карталарының мүмкіндіктері".
2. Бейнеу ауданы, Атамекен ЖББМ педагог-психологы Абитова Камшат Амангелдіқызы - "Құм терапиясы. Құмдағы ғажайып ойындар".

3. Маңғыстау ауданы, Шетпе гимназиясының педагог-психологы Есбергенова Жансая Жаңбырбайқызы - “Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытуда арт-терапия элементтерін қолдану”.
Қатысушылар ұсыныс пікірлерін айтып, ұйымдастырушыларға ризашылықтарын білдірді.



2023 жылдың 30 қаңтар күні онлайн форматта облыстық семинар өтті.

Мақсаты: қазіргі мектептердегі педагог-психолог қызметінің педагогикалық мүмкіндіктерін тәжірибеде қолданудың тиімді жолдарын көрсету.

Семинарға облыстың жалпы білім беру ұйымдарынан 95 маман қатысты.

«Білім берудің қазіргі даму жағдайындағы мектеп психологы» тақырыбында өткен семинарда өз іс-тәжірибесімен бөліскен педагог-психологтар:

1. «Қазіргі мектептердегі педагог-психолог қызметі» - Ақтау қаласы, Ф.Оңғарсынова атындағы №29 жалпы білім беретін мектеп педагог-психологі Байзақова Әсемгүл Тәңірбергенқызы.

2. «Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызмет жұмысының тиімділігі» - Бейнеу ауданы, Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектеп педагог-психологі Орынбаева Ханым Асанқызы.

Қатысушылар ұсыныс пікірлерін айтып, ұйымдастырушыларға ризашылықтарын білдірді.



2023 жылдың 3 ақпан күні Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының іс-шаралар жоспарына сәйкес, Жаңаөзен қаласындағы №1 және №2 жалпы білім беретін мектептеріне әдістемелік көмек көрсетті. Білім беру үдерісін оқытушылық, тәрбиелік және дамытушылық мақсаттарға жеткізуде құрылған әістемелік жұмыс тобы пән мұғалімдері, директордың тәрбие жөніндегі орынбасарларына, педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтер, сынып жетекшілерге /65 педагогқа/ әдістемелік көмек көрсетіп, өз іс-тәжірибесімен бөлісті.

1. Ж.Жұмабаева, Білім берудің оқу-әдістемелік орталығы директорының орынбасары - "Нормативтік құжаттар туралы, электрондық журнал толтыру".
2. А.Мамаева, Білім берудің оқу-әдістемелік орталығы директорының тәрбие жөніндегі орынбасары - "Білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар".
3. Ғ.Койтанова, Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының "Психологиялық қолдау" бөлімінің жетекшісі - "Мектептегі қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру".
4. Ш.Ажибаева, Ақтау қаласы №16 ЖББМ математика пәні мұғалімі - "Функционалдық сауаттылық тапсырмаларының ерекшелігі".
5. Э.Пушенова, Ақтау қаласы №1 ЖББМ орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі - "Стратегии критического мышления на уроках литературы".



2023 жылдың 6-10 ақпан күндері Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының іс-шаралар жоспарына сәйкес, барлық білім беру ұйымдарында «Өмірге «Иә» деп айт!» психологиялық апталығы ұйымдастырылды.



2023 жылдың 7 ақпан күні жалпы білім беру ұйымдарындағы әлеуметтік педагогтерінің біліктілігін және кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында қашықтан (ZOOM платформасында) әдістемелік көмек көрсетілді.

Аудан, қаладан 100 әлеуметтік педагог қатысты.

Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Мамаева, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 жетоқсанындағы #533 бұйрығына сәйкес, әлеуметтік педагогтерге аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары туралы түсіндіріп, әлеуметтік педагогтердің жұмыс мазмұны, жеке тұлғаны әлеуметтендіру, оқушылармен жүргізілетін әлеуметтік педагогикалық жұмыстар бойынша әдістемелік көмек көрсетті.



«Білім беру ұйымдарында қауіпсіз орта құру» тақырыбында облыстық семинар-практикум өтті.

2023 жылдың 17 ақпаны күні Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының іс-шаралар жоспарына сәйкес білім беру ұйымдарында қауіпсіз орта қалыптастыру, бала құқықтарын қорғауды күшейту бағытындағы жұмыстарды жандандыру, мамандарға әдістемелік көмек беру мақсатында «Білім беру ұйымдарында қауіпсіз орта құру» тақырыбында облыстық семинар-практикум өтті.

Семинар-практикумға аудан, қала бойынша білім беру ұйымдарынан директордың тәрбие жөніндегі орынбасарлары, сынып жетекшілер, педагог-психологтар мен әлеуметтік педагогтер, барлығы 70 маман қатысты.

Семинар-практикумның пленарлық бөлімінде білім беру ұйымдарында қауіпсіз ортаны қалыптастыру, қауіпсіз орта қалыптастыруда конструктивті қарым-қатынас орнату бағытындағы жұмыстар баяндалып, практикалық бөлімде жұмыс бағыттарына сәйкес мамандар өзара шеберлік сыныптар, тренингтер арқылы іс-тәжірибелерімен бөлісті.

Қорытындысында QR код арқылы ұсыныс-пікірлерін білдірді



2023 жылдың 28 ақпан күні Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының іс-шаралар жоспарына сәйкес, “Жас психолог мектебі” оқыту семинары аясында Ақтау қаласы “Білім-Инновация” лицей-интернатында «Психодиагностика - мектеп психологының кәсіби іс-әрекетіндегі бағыттардың бірі» тақырыбында облыстық семинар-практикум өтті. Семинарға барлығы 65 педагог қатысты. Семинар мақсаты: Жас педагог-психологтерге кәсіби бағыт-бағдар беру, нормативті құжаттар туралы

түсіндіру, психологтың, әлеуметтік педагогтердің жұмыс бағыттары бойынша әдістемелік көмек беру.

Өз іс-тәжірибелерімен бөліскен педагогтер:

Қыянова Қуаныш Тұрғанбайқызы, Мұнайлы ауданы №6 жалпы білім беретін мектептің педагог-психологы, “Мектеп жасындағы балалардың қарым-қатынас дағдыларын зерттеу”

Ермағамбетова Жанар Сұлтансиыққызы, Жаңаөзен қаласы №6 жалпы білім беретін мектептің педагог-психологы, “Оқушылардың бейімделу процесінде мектеп психологтарының қолданатын диагностикалық әдіс-тәсілдері”;

Ілиясова Меруерт Ілиясқызы, Түпқараған ауданы, Е. Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектептің педагог-психологы, «Дарынды балаларды анықтау әдістемелері»;

Джангалиева Гүлнұр Чавдырбайқызы, Мұнайлы ауданы №7 жалпы білім беретін мектептің әлеуметтік педагогы.

Семинарда қатысушылар алған әсерлерімен бөлісіп, Padlet тақтасы арқылы кері байланыс жасады.



2023 жылдың 10 наурыз күні Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен “Кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтік мінез-құлықтың және балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын-алу” тақырыбында Ақтау қаласы №28 жалпы білім беретін мектепте педагог-психологтерге семинар өтті. Семинарға арнайы және жалпы білім беретін, облыстық мектептерден, сонымен қатар, кәсіптік және техникалық білім беретін колледждерден барлығы 115 педагог-психолог қатысты.

Семинар мақсаты: ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 30 наурыздағы №156 “Баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу жөніндегі 2020-2023 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы” қаулысына сәйкес, педагог-психологтердің кәсіби шеберлігін дамыту және оларға қолдау көрсету.

Өз іс-тәжірибелерімен бөліскен спикерлер: Республикалық ПКИП институтының аға оқытушысы, практикалық психолог, психодраматерапевт, педагогика және психология магистрі Молдабаева Ақгүл Бектібайқызы “SAMGA” психологиялық орталығының директоры; клиникалық психолог, психодраматерапевт, педагогика және психология магистрі Мұқатаева Айгүл Жаңабайқызы.

Семинарда қатысушылар алған әсерлерімен бөлісіп, Padlet тақтасы арқылы кері байланыс жасады.



2023 жылдың 24 наурыз күні Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының іс-шаралар жоспарына сәйкес, “Студенттердің психологиялық саулығына бағытталған педагог-психолог жұмысының негізгі принциптері” тақырыбында “Ақтау технологиялық қызмет көрсету колледжінде” техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагог-психологтеріне облыстық семинар-практикум өтті. Семинарға 20 педагог-психолог қатысты.

Өз іс-тәжірибелерімен бөліскен педагогтер: Мүсрепова Хадиша Күлтасқызы, Мұрын жырау Сеңгірбекұлы атындағы Маңғыстау жоғары педагогикалық колледжінің педагог-психологы “Студенттің психологиялық жай-күйіне әсер ететін негізгі факторлар”;

Жұмағазина Ақмарал Аманжолқызы, Бейнеу ауданы, Бейнеу гуманитарлық-экономикалық колледжінің педагог-психологы “Психологиялық кеңес беру арқылы студенттердің жеке мәселелерін шешу дағдыларын қалыптастыру”;

Көшербаева Гүлназ Көшербайқызы, Ақтау қаласы, Каспий өңірі “Болашақ” колледжі педагог-психологы “Студенттердің психологиялық денсаулығын қалыптастыруда түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу”.

Семинарда қатысушылар алған әсерлерімен бөлісіп, Padlet тақтасы арқылы кері байланыс жасады.



2023 жылдың 28 наурыз күні Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының іс-шаралар жоспарына сәйкес, «Жас психолог мектебі» оқыту семинары аясында Ақтау қаласы, №28 жалпы білім беретін мектепте «Мектеп жасындағы балалармен жүргізілетін психокоррекциялық жұмыстар және ерекшеліктері» тақырыбында облыстық семинар-практикум өтті. Семинарға барлығы 50 педагог-психолог қатысты.

Семинар мақсаты: Жас педагог-психологтерге кәсіби бағыт-бағдар беру, түзету-дамыту бағыты бойынша әдістемелік көмек беру.

Өз іс-тәжірибелерімен бөліскен педагогтер: Мыңбасова Нұрсұлу Қайырбайқызы

Ақтау қаласы, №30 жалпы білім беретін мектептің педагог-психологы «Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен түзету-дамыту жұмыстары»; Әбиева Айгүл Әбиқызы, Ақтау қаласы, Кешкі мектептің педагог-психологы «Мектептегі оқушылардың әлеуметтік бейімделуі, мінез-құлқын түзету бойынша психокоррекциялық жұмыстың ерекшеліктері»; Алдабергенова Кәмшат Убайдуллақызы Бейнеу ауданы, Бейнеу лицейінің педагог-психологы «Жасөспірім жастағы қарым-қатынас дағдыларын дамыту».

Семинарда қатысушылар алған әсерлерімен бөлісіп, спикерлерге, ұйымдастырушыларға алғысын айтып, Padlet тақтасы арқылы кері байланыс жасады.



2023 жылдың 4-7 сәуір күні аралығында жүрмелі түрде өткізілген облыстық ашық есік күніне, қала, аудан бойынша барлығы 1315 ата-аналар мен педагогтер қамтылды.

Шара соңында QR кодпен ата-ана пікірлері жазылып алынды. Ары қарай да осындай шаралар өз жалғасын тауып, мектеп пен ата-ана бірлесіп бала тәрбиесі мен білімі жөнінде пікір алмасып, тығыз байланыста жұмыс жасау керектігі айтылды.

Облыстық ашық есік күнін ұйымдастыруға қолдау көрсеткен барлық аудандық, қалалық білім бөлімдеріне, тәжірибелі тәрбие жөніндегі орынбасарларға, педагог-психологтерге, әлеуметтік педагогтерге алғыс білдіреміз!



«Әлеуметтік педагогтердің кәсіби қызметі: жұмыстың негізгі формалары мен әдістері» тақырыбында облыстық семинар.

2023 жылдың 14 сәуір күні Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының іс-шаралар жоспарына сәйкес, Ақтау қаласы, №2 жалпы білім беретін мектепте «Әлеуметтік педагогтердің кәсіби қызметі:

жұмыстың негізгі формалары мен әдістері» тақырыбында облыстық семинар өтті. Семинарға барлығы 71 әлеуметтік педагог қатысты.

Семинар мақсаты: Әлеуметтік педагогтердің жұмысын реттейтін нормативті құжаттардағы кедергілер мен мәселелер, оларды шешу жолдары бойынша әдістемелік көмек беру.

Спикерлер: Айтбекова Гүлнұр Ерланқызы (Мұнайлы ауданы, №8 жалпы білім беретін мектептің әлеуметтік педагогы) «Әлеуметтік педагог жұмысының моделі»; Сағынғалиева Сандуғаш Қыдырбайқызы (Маңғыстау ауданы, Есір Айшуақұлы атындағы жалпы білім беретін мектептің әлеуметтік педагогы) «Әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушылармен ұйымдастырылатын іс-шаралар»; Шындыбаева Гүлжайнат Шындыбайқызы (Маңғыстау ауданы, Нұн Жұбаев атындағы жалпы білім беретін мектептің әлеуметтік педагогы) «Жеке тұлғаның қабілеті мен қажеттілігіне лайық тәрбие мен білім берудегі әлеуметтік педагогтың рөлі»;

Кентанова Ляззат Қуанышқалиқызы (Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының психологиялық қолдау бөлімінің әдіскері) «Кәсіби жану және оны жеңу жолдары» тақырыптарында өздерінің іс-тәжірибелерімен бөлісті.

Сонымен қатар, семинарға қатысушылар алған әсерлерімен бөлісіп, спикерлерге және ұйымдастырушыларға алғыстарын айтып, Padlet тақтасы арқылы кері байланыс жасады. Орталық ұжымы семинарда іс-тәжірибелерімен бөліскен мамандарға алғыс айта отырып, шығармашылық табыстар тілейді!



«Мектептегі психологиялық қызмет: негізгі бағыттар мен мәселелер» облыстық семинар

2023 жылдың 28 сәуір күні Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының іс-шаралар жоспарына сәйкес, Мұнайлы ауданы, №14 жалпы білім беретін мектепте «Мектептегі психологиялық қызмет: негізгі бағыттар мен мәселелер» тақырыбында облыстық семинар ұйымдастырылды. Семинарға барлығы 69 педагог (аудан, қалалық оқу-әдістемелік орталықтарынан әдіскерлер, жалпы білім беретін мектептер мен колледждердегі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, педагог-психологтер, әлеуметтік педагогтер, сынып жетекшілер қатысты.

Жалпы білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызмет жұмысын жүргізуші мамандарға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу және әдістемелік көмекті ұйымдастыру мақсатында өткізілген семинарға А.Ж.Тұржанова /МО Білім басқармасы басшысының орынбасары/ қатысып, қазіргі қоғамда мектеп оқушылары арасында буллинг, құқықбұзушылық, зорлық-зомбылықтың орын алып жатырғандығын және олардың алдын алу шаралары туралы түсінік жұмыстарын жүргізді.

Семинардың I бөлімінде аудандық, қалалық оқу- әдістемелік орталық әдіскерлері психологиялық кеңес қызметінің жұмысымен таныстырды:

1. Сайдалиева Назерке Момбекқызы (Ақтау қаласының оқу-әдістемелік орталығының әдіскері) «Ақтау қаласы білім бөлімінің психологиялық кеңес қызметінің жұмысы»;
2. Умарбаева Нұргүл Мусақызы (Жаңаөзен қаласының оқу-әдістемелік орталығының әдіскері) «Жаңаөзен қаласы білім бөлімінің психологиялық кеңес қызметінің жұмысы»;
3. Бекхожаева Райхан Жолдасбайқызы (Бейнеу ауданының оқу-әдістемелік орталығының әдіскері) «Бейнеу ауданы білім бөлімінің психологиялық кеңес қызметінің жұмысы»;
4. Бисенбаева Нұргүл Маратқызы (Қарақия ауданының оқу-әдістемелік орталығының әдіскері) «Қарақия ауданы білім бөлімінің психологиялық кеңес қызметінің жұмысы»;
5. Қосуақова Майра Серікқызы (Маңғыстау ауданының оқу-әдістемелік орталығының әдіскері) «Маңғыстау ауданы білім бөлімінің психологиялық кеңес қызметінің жұмысы» ;
6. Зулькарнаева Баян Байболатқызы (Мұнайлы ауданының оқу-әдістемелік орталығының әдіскері) «Мұнайлы ауданы білім бөлімінің психологиялық кеңес қызметінің жұмысы» ;
7. Жұбаназарова Гүлжамал Шәріпқызы (Түпқараған ауданының оқу-әдістемелік орталығының әдіскері) «Түпқараған ауданы білім бөлімінің психологиялық кеңес қызметінің жұмысы».

II бөлімде төмендегі педагогтер “Психологиялық қызмет жұмысы: қауіп тобындағы оқушылармен тәрбие жұмысының ерекшеліктері” тақырыбында өз тәжірибелерімен бөлісті:

1. Жарасбаева Ұлмекен Жұматайқызы (Мұнайлы ауданы №7 жалпы білім беретін мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары) «Қауіп тобындағы балалар: даму ерекшеліктері, олармен жұмыс жасаудағы тәрбие жұмысының тиімділігі»;
2. Тажигулова Перизат Мақсұтқызы (Ақтау қаласы №19 мектеп-гимназиясының педагог-психологі) «Қауіп тобындағы оқушыларды анықтау және олармен жүргізілетін жұмыстарды ұйымдастыру»;
3. Сағынғалиева Сандуғаш Қыдырбайқызы (Маңғыстау ауданы Е.Айшуақұлы ат. жалпы білім беретін мектептің әлеуметтік педагогы) «Әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушылармен ұйымдастырылатын іс-шаралар»;

4. Гафарова Әдемі Сарсенқызы (Ақтау қаласы №15 мектеп-гимназиясы, сынып жетекші) «Қауіп тобындағы оқушылардың ата-аналарымен жүргізілетін жұмыстар».

Қорытындысында қатысушылар семинарда алған әсерлерімен бөлісіп, спикерлерге, ұйымдастырушыларға алғысын айтып, Padlet тақтасы арқылы кері байланыс жасады.



«Тәжірибе алмасу алаңы» облыстық қауымдастықтардың слеті

2023 жылдың 12 мамыр күні Ақтау қаласы №15 мектеп-гимназиясында «Тәжірибе алмасу алаңы» тақырыбында білім беру ұйымдарындағы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының, педагог-психологтердің және әлеуметтік педагогтердің облыстық қауымдастықтарының слеті өтті.

Облыстық слетке барлығы 90 педагог қатысты.

Мақсаты: педагогтерге әдістемелік көмек көрсету, өзара іс-тәжірибе алмасу.

Өз іс-тәжірибелерімен бөліскен педагогтер:

1. «Командалық күш» тимбилдинг

Кадирова Нұржихан Таңатарқызы (Маңғыстау ауданы, Жармыш жалпы білім беретін мектебінің педагог-психологі, қауымдастық мүшесі)

Күйкішова Камшат Ғабитқызы (Маңғыстау ауданы, А. Меңдалыұлы атындағы жалпы білім беретін мектептің педагог-психологы)

1. «Психология бекеті»

Джайылханова Анар Ноғайқызы (Мұнайлы ауданы, Ш. Мұңалұлы атындағы №5 жалпы білім беретін мектептің педагог-психологы, қауымдастық жетекшісі)

Абитова Камшат Амангелдіқызы (Бейнеу ауданы, Атамекен жалпы білім беретін мектептің педагог-психологы, қауымдастық мүшесі)

Кенджебаева Мира Урынбасарқызы (Ақтау қаласының №9 жалпы білім беретін мектептің педагог-психологы, қауымдастық мүшесі)

2. «Әлеуметтік педагог жұмысының технологиясы»

Джангалиева Гульнур Чавдырбаевна (Мұнайлы ауданы, №7 жалпы білім беретін мектептің әлеуметтік педагогы, қауымдастық жетекшісі)

3. «Жасөспірімдер арасындағы келіспеушіліктің алдын алу» шеберлік сынып

Каракулов Сардарбек Рахметыллаұлы (Мұнайлы ауданы, №6 жалпы білім беретін мектептің директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, қауымдастық жетекшісі)

Күзербаева Арайлым Шерниязқызы (Ақтау қаласы, №15 мектеп-гимназиясының директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, қауымдастық мүшесі)





2023 жылдың 18 мамыр күні Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының іс-шаралар жоспарына сәйкес, жалпы білім беру ұйымдарындағы педагог-психологтердің жұмыстарына психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу және әдістемелік көмек көрсету мақсатында «Психологтың шеберханасы: кәсіби кейс талдау» тақырыбында қашықтан облыстық вебинар өтті.

Вебинарға облыстың жалпы білім беру ұйымдарынан 35 педагог-психолог қатысты.

Вебинар барысында Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының психологиялық қолдау бөлімінің жетекшісі Койтанова Ғалия Күмбетбайқызы «Мектепте қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру» тақырыбында воркшоп өткізді.

Қатысушылар ZOOM платформасында 5 кіші секциялық залға бөлініп, берілген педагогикалық-психологиялық кейстерді талдап, өздерінің тәжірибелерімен алмасты.

Вебинар соңында қатысушылар ұсыныс-пікірлерін айтып, ұйымдастырушыларға ризашылықтарын білдірді.



2023 жылдың 19 мамыр күні Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының іс-шаралар жоспарына сәйкес, Түпқараған ауданындағы Е. Өмірбаев атындағы және З. Баймырзаев атындағы жалпы білім беретін мектептеріне әдістемелік көмек көрсетілді. Әдістемелік жұмыс тобы директордың тәрбие жөніндегі орынбасарларына, педагог-психологтер мен, әлеуметтік педагогтерге /16 педагогқа/ кәсіби шеберлігін шыңдау мақсатында әдістемелік көмек көрсетіп, өз іс-тәжірибелерімен бөлісті.

1. Мамаева Ақмоншақ Серікқызы *(Білім берудің оқу-әдістемелік орталығы директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары)*
- Білім беру ұйымдарының тәрбие жұмысын ұйымдастыруда басшылыққа алынатын негізгі нормативтік құқықтық құжаттар.
2. Аманжолова Жанна Бердіғалиқызы *(Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының тәрбие жұмысы және тұлғаны әлеуметтендіру бөлімінің жетекшісі)*
- Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілердің қызметін реттейтін нормативтік құжаттар.
3. Койтанова Ғалия Кумбетбайқызы *(Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының психологиялық қолдау бөлімінің жетекшісі)*
- Педагог-психологтің қызметін реттейтін нормативтік құжаттар.
4. Кузербаетова Арайлым Шерниязқызы *(Ақтау қаласы, И.Жанболатова ат.№15 ЖББМ, ДТЖО)*
- Мектептегі тәрбие бағытындағы жобаларды тиімді ұйымдастыру.
5. Каримова Асылзада Бақытқызы *(Ақтау қаласы, И.Сүйеубаев ат.№8 ЖББМ, ДТЖО)*
- Білім беру ұйымдарындағы медиация жұмысы.
6. Тажигулова Перизат Максұтқызы *(Ақтау қаласы, №19 мектеп-гимназиясының педагог-психологы)*
- Мектептегі психологиялық қызмет жұмысы.
7. Джанғалиева Гүлнұр Чавдырбайқызы *(Мұнайлы ауданы, №7 ЖББМ әлеуметтік педагогы)*
- Әлеуметтік педагогтың қызметін реттейтін нормативтік құжаттар, құжаттарды жүргізу нысандары.



2023 жылдың 6 қыркүйек күні Ақтау, Жаңаөзен қалаларының және Бейнеу, Қарақия аудандарының жалпы білім беру ұйымдарының директорларына, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына, педагог-психологтерге, әлеуметтік педагогтерге “Психологиялық қызметтің” жұмысында “”HR+” психологиялық-педагогикалық мониторингтің автоматтандырылған жүйесін таныстыру” бойынша ZOOM платформасында оқыту семинары өтті.

Оқыту-семинарына 350-ге жуық маман қатысты.


Семинарда “HR+” жобасының жетекшісі Қуанышбекова Еркежан Қайратқызы - “HR+” психологиялық-педагогикалық мониторингтің

автоматтандырылған жүйесінің жұмысымен, платформаға қосылу, ондағы қызметтерді қолдану жолдарымен таныстырды.

2023 жылдың 7 қыркүйек күні Маңғыстау, Мұнайлы және Түпқараған аудандарының жалпы білім беру ұйымдарының директорларына, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына, педагог-психологтерге, әлеуметтік педагогтерге (250-ге жуық маман) “Психологиялық қызметтің” жұмысында “HR+” психологиялық-педагогикалық мониторингтің автоматтандырылған жүйесін таныстыру” бойынша ZOOM платформасында оқыту семинары өтті.

“HR+” ППМАЖ жұмысымен, платформаға қосылу, ондағы қызметтерді қолдану жолдарымен “HR+” жобасының жетекшісі Қуанышбекова Еркежан Қайратқызы таныстырды.


Семинар соңында қатысушылар жоба бойынша өз ой-пікірлерімен бөлісті.



2023 жылдың 11 қыркүйек күні Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының іс-шаралар жоспарына сәйкес, Zoom платформасында “2023-2024 оқу жылында ҚР орта білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы” тақырыбында әдістемелік көмек көрсетілді.

Қатысушылар: Маңғыстау ауданының жалпы білім беретін мектептерінің директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, педагог-психологтер, әлеуметтік педагогтер (50-ге жуық маман).

Педагогтерге ҚР Оқу-ағарту министрлігінің “Біртұтас тәрбие бағдарламасы”, педагог-психологтердің жұмысын реттейтін нормативтік құжаттар, мектептің әлеуметтік паспорты, “Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы жөнінде”. және “Балалар-интернет-медиа қауіпсіздік” 2023-2024 оқу жылына арналған жол карталары кеңінен таныстырылды.



2023 жылдың 13 қыркүйек күні Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының 2023 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, «Психологиялық қызметтің тиімді жұмыс істеу моделі» тақырыбындағы облыстық семинар-практикум өтті. Білім беру ұйымдарында психологиялық қызметті тиімді ұйымдастыру, жұмыс жүргізетін мамандар арасында ынтымақтастық қалыптастыру мақсатында өткізілген семинар-практикумға білім беру ұйымдарынан 150-ге жуық тәрбие жөніндегі орынбасарлар, педагог-психологтер, әлеуметтік педагогтер қатысты.

Семинар-практикум барысында:

Күйкішова Камшат Ғабитқызы, Маңғыстау ауданы А. Меңдалыұлы атындағы ЖББМ педагог-психологы - «Білім беру ұйымдарында қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру»;

Қылышбаева Ақгүл Ордабайқызы, Ақтау қаласы Ф. Оңғарсынова атындағы №29 ЖББМ педагог-психологы - «Педагогтердің кәсіби құлдырауының алдын-алу»;

Ермағанбетова Жанар Сұлтансиыққызы, Жаңаөзен қаласы №6 ЖББМ педагог-психологы - «Педагогтерге арналған мектеп жағдайындағы стигматизация теориясы және буллинг»;

Каримова Асылзада Бахитовна, Ақтау қаласы №8 ЖББМ директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары - «Оқушының дамуына тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мен психологтың бірлескен жұмысының нәтижесі»;

Койтанова Ғалия Күмбетбайқызы, Психологиялық қолдау бөлімінің жетекшісі - «Форум театр» технологиясы білім беру ұйымдарындағы профилактикалық жұмыстың әдісі ретінде;

Көкебаева Назерке Амантайқызы, Арнаулы білім беру ұйымы, педагог-психологі - «Зорлық-зомбылық болған жағдайда қалай әрекет ету керек?» тақырыптарында өз іс-тәжірибелерімен бөлісті.

Семинар-практикум соңында қатысушылар кері байланыс беріп, ұйымдастырушылар мен спикерлерге алғыстарын білдірді.



2023 жылдың 18 қыркүйек күні Бейнеу ауданында «Зорлық-зомбылықтың және аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алуда бала психологиясының қалыптасу негіздері» тақырыбында жүрмелі семинар

өтті. Білім беру ұйымдарында психологиялық қызметті тиімді ұйымдастыру, зорлық-зомбылықтың алдын алуда, бала психологиясының даму кезеңдерін психоанализ бағытында талдауды жетілдіру мақсатында өткізілген семинарға білім беру ұйымдарынан 75-ке жуық тәрбие жөніндегі орынбасарлар, педагог-психологтер, әлеуметтік педагогтер қатысты.

Жүрмелі семинар барысында:

Койтанова Ғалия Күмбетбайқызы, Психологиялық қолдау бөлімінің жетекшісі - «Білім беру ұйымдарындағы зорлық-зомбылықты алдын алуда психологиялық қызметті ұйымдастыру»;

Көкебаева Назерке Амантайқызы, Арнаулы білім беру ұйымы, педагог-психологы - «Тұлға дамуының психоанализ бағытындағы даму кезеңдері» тақырыптарында өз іс-тәжірибелерімен бөлісті.

Шара соңында қатысушылардан QR код арқылы кері байланыс алынып. Осы шара, алдағы уақытта өз жалғасын таба бермек.



2023 жылдың 18 қыркүйек күні директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының, педагог – психологтердің, әлеуметтік педагогтердің қатысуымен (50-ге жуық маман) облыстық «Зорлық-зомбылықтың және аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алуда бала психологиясының қалыптасу негіздері» тақырыбындағы жүрмелі семинар Маңғыстау ауданында өз жалғасын тапты.



2023 жылдың 19 қыркүйек күні «Зорлық-зомбылықтың және аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алуда бала психологиясының қалыптасу негіздері» тақырыбындағы облыстық жүрмелі семинарымыз Жаңаөзен қаласында өз жалғасын тапты.

Семинар мақсаты: Білім беру ұйымдарында психологиялық қызметті тиімді ұйымдастыру, зорлық-зомбылықтың алдын алуда, бала

психологиясының даму кезеңдерін психоанализ бағытында талдауды жетілдіру.

Іс-шараға жалпы білім беру ұйымдарының директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, педагог-психологтер, әлеуметтік педагогтер (70-ке жуық маман) қатысты.

Жаңаөзен қаласы бойынша оқу-әдістемелік орталығының психология бойынша әдіскері Умарбаева Нұргүл Мұсақызы қатысушыларды семинардың тақырыбымен және мақсатымен таныстырып өтті.

Психологиялық қолдау бөлімінің жетекшісі Қойтанова Ғалия Күмбетбайқызы - «Білім беру ұйымдарындағы зорлық-зомбылықты алдын алуда психологиялық қызметті ұйымдастыру» тақырыбымен және Арнаулы білім беру ұйымының педагог-психологы Көкебаева Назерке Амантайқызы - «Тұлға дамуының психоанализ бағытындағы даму кезеңдері» тақырыптарында өз іс-тәжірибелерімен бөлісті.

Шара соңында жалпы білім беру ұйымдарының мамандары QR код арқылы кері байланыстарын жасап, алғыстарын білдірді.



2023 жылдың 20 қыркүйек күні облыстық «Зорлық-зомбылықтың және аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алуда бала психологиясының қалыптасу негіздері» тақырыбындағы облыстық жүрмелі семинарымыз Қарақия ауданы Жетібай ауылы №9 бастауыш мектепте өткізілді. Қарақия ауданы бойынша өткізілген жүрмелі семинарға жалпы білім беру ұйымдарының директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, педагог-психологтер, әлеуметтік педагогтер (60-қа жуық маман) қатысты.



21 қыркүйек күні Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен облыстық «Зорлық-зомбылықтың және

аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алуда бала психологиясының қалыптасу негіздері» тақырыбындағы кезекті жүрмелі семинарымыз Ақтау қаласында өтті.

Семинар мақсаты: Білім беру ұйымдарында психологиялық қызметті тиімді ұйымдастыру, зорлық-зомбылықтың алдын алуда, бала психологиясының даму кезеңдерін психоанализ бағытында талдауды жетілдіру.

Аталған семинарға Ақтау қалалық білім бөліміне қарасты жалпы білім беру ұйымдарының директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, педагог-психологтер, әлеуметтік педагогтер (80-ге жуық маман) қатысты.

Шара соңында жалпы білім беру ұйымдарының мамандары QR код арқылы кері байланыстарын жасап, алғыстарын білдірді.



2023 жылдың 21 қыркүйек күні «Зорлық-зомбылықтың және аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алуда бала психологиясының қалыптасу негіздері» тақырыбындағы жүрмелі семинарымыз Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің #12 жалпы білім беретін мектепте өз мәресіне жетті.

Мұнайлы ауданы бойынша өткізілген жүрмелі семинарға 70-ке жуық директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар, педагог-психологтер, әлеуметтік педагогтер қатысты.

Шара соңында жалпы білім беру ұйымдарының мамандары QR код арқылы өздерінің ұсыныс, пікірлерін қалдырды.

Облыстық жүрмелі семинарды ұйымдастыруға қолдау көрсеткен барлық аудандық, қалалық білім бөлімдеріне және Арнаулы білім беру ұйымының білікті педагог-психологы Көкебаева Назерке Амантайқызына өзінің іс-тәжірибесімен бөліскені үшін алғыс білдіреміз!





2023 жылдың 27 қыркүйек күні облыстық педагог-психологтер қауымдастығының іс-шаралар жоспарына сәйкес “Педагог-психологтің құқықтары мен міндеттері, негізгі қызметтік мәселелері, нормативтік-құқықтық құжаттар” тақырыбында облыстық онлайн вебинар өтті.

Мақсаты: Білім беру ұйымдарындағы жас педагог-психологтердің жұмысын үйлестіру және әдістемелік көмек көрсету.

Қамтылатын аудитория: жалпы білім беру ұйымдарының жас педагог-психологтері (68).

Вебинар барысында:

Джайлханова Анар Ноғайқызы, Мұнайлы ауданы Ш. Мұңалұлы атындағы №5 ЖББМ педагог-психологы, облыстық педагог-психологтер қауымдастығының жетекшісі - “2023-2024 о.ж ӘНХ. Білім беру ұйымындағы психологиялық қызмет, педагог-психологтің міндеттері мен негізгі қызметтік мәселелері”;

Сайынова Гүлзира Асқарқызы, Жаңаөзен қаласы №18 ЖББМ педагог-психологы, облыстық қауымдастық мүшесі - “Білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің іске асуы мен негізгі міндеттері”;

Абуова Ақжүніс Аманқосқызы, Қарақия ауданы №5 ЖББМ педагог-психологы, облыстық қауымдастық мүшесі - “Психологиялық қызмет жұмысын ұйымдастыру бойынша нормативтік құқықтық актілері” тақырыптарында өз іс-тәжірибелерімен бөлісті.

Жас мамандар тәжірибелі педагог-психологтерге өздерінің сұрақтарын қойып, жауап алды.

2023 жылдың 28 қыркүйек күні “Әлеуметтік педагогтердің жұмысын жаңарту жолдарының инновациялық бағыттары” тақырыбында облыстық онлайн семинар өтті.

Мақсаты: Әлеуметтік педагогтердің кәсіби шеберлігін дамыту және тәжірибе алмасу.

Семинарға жалпы білім беру ұйымдарының әлеуметтік педагогтері (95) қатысты.

Вебинар барысында:

Тулевова Зауреш Мақсадқызы, Ақтау қаласы №1 ЖББМ әлеуметтік педагогі - “Әлеуметтік педагог маманы жұмысының ерекшеліктері”;

Өтесін Гауһар Өтесінқызы, Ақтау қаласы №21 ЖББМ әлеуметтік педагогі - “Әлеуметтік педагогтың мемлекеттік мекемедегі қызметтік құзыреттілігі”;

Таженова Шынарай Сисембайқызы, Бейнеу ауданы Бейнеу лицейінің әлеуметтік педагогі - “Ата-ананың бала тәрбиесіндегі құқықтық жауапкершілігі” тақырыптарында өз іс-тәжірибелерімен бөлісті.

Қатысушылар Padlet тақтасы арқылы кері байланыс беріп, спикерлерге өз сұрақтарын қойып, жауаптарын алды.



Маңғыстау облысы Білім басқармасының іс-шаралар жоспарына сәйкес, **2023 жылдың 20 қазан күні** “Девиантты мінез-құлықты балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау жұмыстары” тақырыбында облыстық психологиялық кеңес қызметінің кезекті отырысы өтті.

Мақсаты: жалпы білім беру ұйымдарындағы зорлық-зомбылықтың және құқықбұзушылықтың алдын-алу жұмыстарын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу және әдістемелік көмекті ұйымдастыру.

Отырысқа психологиялық қызмет құрамының мамандары, аудандық, қалалық оқу-әдістемелік орталығының әдіскерлері (20) қатысты.

Өз тәжірибесімен бөліскен спикерлер:

1. Көкебаева Назерке Амантайқызы (Арнаулы білім беру ұйымының педагог-психологі) - “Девиантты мінез-құлықты балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау жұмыстары”

2. Жұбанова Назерке Дүйсенбайқызы (Маңғыстау облысының кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығының педагог-психологі) - “Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығының қызметі”.

Отырыс соңында мамандар білім беру ұйымдарында девиантты мінез-құлықты балалармен алдын-алу шараларын, оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттыру жолдарын талқылап, өз ұсыныстарын айтты.



2023 жылдың 27 қазан күні Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының іс-шаралар жоспарына сәйкес, “Жас психолог мектебі” оқыту семинары аясында ZOOM платформасы арқылы “Өзгермелі әлемдегі өзгертін жастар: Z ұрпағының әлеуметтенуінің өзекті мәселелері” тақырыбында облыстық онлайн семинар өтті.

Семинарға барлығы 60 жас педагог-психолог қатысты.

Семинар мақсаты: Z ұрпақты әлеуметтендіру мәселелері бойынша жас педагог-психологтерге кәсіби бағыт-бағдар беру, әдістемелік көмек беру.




Өз іс-тәжірибелерімен бөліскен педагогтер:

Мыңбасова Нұрсұлу Қайырбайқызы Ақтау қаласы, №30 жалпы білім беретін мектептің педагог-психологы “Z ұрпаққа - Z көзқарас”.

Бегешова Айнұр Боқыбайқызы Маңғыстау ауданы, №7 мектеп-лицейінің педагог-психологы “Z ұрпағының психологиялық ерекшеліктері”.

Сәрсенова Аймереке Өмірбайқызы Жаңаөзен қаласы, №21 жалпы білім беретін мектептің педагог-психологы “Құбылмалы жастардың әлеуметтенуі”.

Семинарда қатысушылар алған әсерлерімен бөлісіп, спикерлерге, ұйымдастырушыларға алғысын айтып, Google формасы арқылы кері байланыс жасады.



2023 жылғы 27 қазан күні облыстық әлеуметтік педагогтер қауымдастығының іс-шаралар жоспарына сәйкес “Әлеуметтік педагогтің әртүрлі санаттағы балалармен жұмысы” тақырыбында облыстық онлайн вебинар ZOOM платформасында өтті.

Мақсаты: Білім беру ұйымдарындағы әлеуметтік педагогтердің жұмысын реттейтін нормативті құжаттардағы мәселелер, оларды шешу бойынша әдістемелік көмек.

Қамтылған аудитория: жалпы білім беру ұйымдарының әлеуметтік педагогтері (60).

Іс-тәжірибелерімен бөліскен педагогтер:

Айтбекова Гүлнұр Ерланқызы, Мұнайлы ауданы №8 ЖББМ әлеуметтік педагогі, облыстық әлеуметтік педагогтер қауымдастығының мүшесі - “Әр түрлі санаттағы балалармен жұмыс жасауда әлеуметтік педагогтің құжаттары”;

Шындыбаева Гүлжайнат Шындыбайқызы, Маңғыстау ауданы Н. Жұбаев атындағы ЖББМ әлеуметтік педагогі, облыстық қауымдастық жетекшісі - “Өмірлік қиын жағдайға тап болған оқушыларға әлеуметтік иммунитет қалыптастыру бағытындағы әлеуметтік педагогтің жұмыстары”;

Өтесін Гауһар Өтесінқызы, Ақтау қаласы №21 ЖББМ әлеуметтік педагогі, облыстық қауымдастық мүшесі - “Тәуекел топтағы балаларды

анықтау және олармен әлеуметтік педагогтің жұмысы” тақырыптарында өз іс-тәжірибелерімен бөлісті.

Семинар соңында қатысушылар алған әсерлерімен бөлісіп, спикерлерге және ұйымдастырушыларға алғыстарын білдіріп, Google форматы арқылы кері байланыс жасады.

2023 жылдың 15 қараша күні Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, педагог-психологтер, әлеуметтік педагогтер және қосымша білім беру педагогтерінің облыстық қауымдастық мүшелерімен кезектен тыс отырыс өткізілді.

Отырыс барысында әр қауымдастықтың жұмысы бойынша SWOT-талдаулар жүргізіліп, жасалған жұмыстардың нәтижелерімен бөлісті. Жылдық қорытынды есептерін жүйелеп, II жартыжылдық бойынша жоспарлар талқыланды.

Сондай-ақ, Мұнайлы ауданы, №6 ЖББМ математика пәні мұғалімі, «Үздік педагог-2022» байқауының жеңімпазы, педагог-шебер Актилезов Абай білім беру ұйымдары жұмысы бойынша жоба жасақтау, авторлық бағдарламалар дайындау бойынша өз іс-тәжірибесімен бөлісті.



2023 жылдың 22 қараша күні Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының және облыстық әлеуметтік педагогтер қауымдастығының іс-шаралар жоспарына сәйкес “Ата-аналармен жұмыстарды тиімді ұйымдастырудың әдістері” тақырыбында облыстық онлайн семинар ZOOM платформасында өтті.

Мақсаты: Әлеуметтік педагогтің ата-анамен жүргізілетін жұмыстарын тиімді ұйымдастыру жолдары және тәжірибе алмасу.

Қамтылған аудитория: жалпы білім беру ұйымдарының жас әлеуметтік педагогтері (50)

Іс-тәжірибелерімен бөліскен педагогтер:

Абыханова Шарай Конджасарқызы, Мұнайлы ауданы №4 жалпы білім беретін мектебінің әлеуметтік педагогі

- “Мектепте ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығындағы әлеуметтік педагогтің жұмысы”;

Қалилаев Ерхан Қазақбайұлы, Бейнеу ауданы Манашы жалпы білім беретін мектебінің әлеуметтік педагогі

- “Отбасындағы әкенің рөлі”;

Шындыбаева Гүлжайнат Шындыбайқызы, Н. Жұбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінің әлеуметтік педагогі, облыстық қауымдастық төрағасы

- “Отбасындағы, мектепте және мектептен тыс зорлық-зомбылыққа ұшыраған жасөспірімдерге көмек көрсету және алдын алу” тақырыптарында өз іс-тәжірибелерімен бөлісті.

Семинар соңында қатысушылар алған әсерлерімен бөлісіп, спикерлерге және ұйымдастырушыларға алғыстарын білдіріп, Google форматы арқылы кері байланыс жасады.



2023 жылдың 20-27 қараша күндері аралығында «Түпқараған жастары» жастар қоғамдық бірлестігінің жобасы аясында білім беру ұйымдарындағы педагог-психологтер мен пән мұғалімдеріне арналған «Бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы даярлауды қамтамасыз ету» тақырыбында барлық аудан, қалаларда жүрмелі оқыту семинар өтті. Оқыту семинарына 49 педагог-психолог қатысты.



Болашақта ел тізгінін ұстар азаматтар - бүгінгі мектеп оқушылары. Оқушы тәрбиесі - мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірі. Жас буынның бәсекеге қабілетті, жан-жақты әлеуметтенуі ел дамуындағы аса маңызды фактор. Ал ол отбасы – бала – мектеп атаулы үштік ұғым біріккенде ғана сапалы білім мен саналы тәрбие болады.

2023 жылдың 28 қараша күні білім берудің оқу-әдістемелік орталығының іс-шаралар жоспарына сәйкес, "Психологиялық қызмет – үш бірліктің бала тәрбиесіндегі рөлі» атты аудандық, қалалық оқу-әдістемелік орталықтарының тәрбие және педагог-психолог әдіскерлері, тәрбие жөніндегі орынбасарлар, педагог-психологтер, сынып жетекшілер, арнайы педагогтер мен әлеуметтік педагогтерге арналған облыстық форум өтті. Форумға 130-ға жуық маман қатысты. Форум 2 секцияға бөлінді: теориялық бөлім және тәжірибелік бөлім.

Теориялық бөлімде:

- «Жетістіктер алаңы» жобасының таныстырылымы;
- «Құндылықтарға негізделген тәрбие»;
- «Мектептегі балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу»;
- «Отбасы мен мектептің өзара қарым-қатынасының тиімділігі»;
- «Қазіргі заман сынып жетекшісінің портреті»;
- «Сынып жетекшінің әдістемелік шеберханасы» тақырыптарында шағын баяндамалар оқылды.

Білім беру ұйымдарында тәрбие жұмыстары мен психологиялық қызметті ұйымдастыруда мамандарды қолдау, зияткерлік әлеуетін арттыру, әдістемелік көмек көрсету мақсатында өткен форумның тәжірибелік бөлімі топтық пікірталас, жаттығулар, интроспекция, іскерлік ойындармен жалғасты.

Аталмыш форумның қорытынды бөлімінде “жинақ қоржын” әдісі арқылы тәрбие бағытында жасаған жұмыстарына кері байланыста берілген сұрақ арқылы талдау жүргізіп, аудандық, қалалық оқу-әдістемелік орталықтардың әдіскерлері таныстырды. Форум соңында белсенді қатысқан педагогтерге ынталандыру сыйлықтары беріліп, қатысушылар алған әсерлерімен бөлісіп, спикерлерге және ұйымдастырушыларға алғыстарын айтты.



Жоба

«Жасөспірімдер арасындағы өзіне - өзі қол жұмсаудың алдын алу» тақырыбындағы Маңғыстау облысы Білім басқармасының тапсырысы негізінде «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ грантымен өңірдегі педагог – психологтерге арналған **«DEMEU» жобасы**

қыркүйек айынан бастау алды. Қысқа мерзімді жобалар қатарындағы «DEMEU» жобасының мақсаты – жасөспірімдер арасында өз-өзіне қол жұмсау фактілерін мейілінше азайтып, алдын алуға бағытталған педагог-психолог мамандардың біліктілігін көтеру үшін интенсив курстарын жүргізе отырып, мультидисциплинарлы топ құру арқылы кеңес тобын жасақтау. Сонымен қатар, ерте диагностикалауды қалыптастыру және Үштік одақ моделі арқылы алдын алу шараларын ұйымдастыру.

Осы жоба аясында 25-27 қыркүйек аралығында 6 күнде 60 педагог-психолог қамтылған 2 лектен тұратын оқыту ұйымдастырылды. «Кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алуға» арналған интенсив курсына Маңғыстау облысының білім саласының педагог-психологтері (мектеп, колледж) мамандары қатыстырылып, Астана қаласынан арнайы шақыртылған Абдрахманова Сымбат Нуртазаевна «Жасөспірімдер арасында өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу» тақырыбындағы «ЮНИЕФ» бағдарламасы бойынша ұлттық мастер-тренерден білім жетілдірді. Европа суицидологтары Ассоциациясының мүшесі, 2016 жылы Испания еліндегі Овьедо қаласында өткен 16- Европа симпозиумында «Суицид» тақырыбында доклад жасаған, 2018 жылы «Психикалық саулық» тақырыбындағы І Халықаралық конференция қатысушысы, 2019 жылы Оңтүстік Африка, Кейптаун, БҰҰ балалар ұйымы мен Денсаулық сақтау Ұйымының «Жасөспірімдердің психикалық саулығы» тақырыбындағы халықаралық сарапшылардың отырысының қатысушысы ретінде танымал тренер курс жүргізді.

Курс қорытындысы бойынша 5 аудан, 2 қаладан және колледжден барлығы 8 ментор таңдалып алынып, ағымдағы жылдың қазан айында менторлар жалпы 150 педагог-психолог мамандарды оқытты.

Өткізілген байқаулар

«Психология әлемі» облыстық байқауы

2023 жылдың 22 ақпан күні Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының іс-шаралар жоспарына сәйкес, мектепке дейінгі ұйымдардағы және жалпы білім беретін мектептердегі жас педагог-психологтар арасында “Психология әлемі” сырттай байқауы өткізілді. Мақсаты: шығармашылықпен жұмыс істейтін, кәсіптік шеберлігін көрсете алатын жас педагог – психологтарды анықтау, қолдау және ынталандыру, педагог-психолог мамандығының дәрежесін көтеру.

Байқау үш кезеңнен тұрды:

1. «Педагог-психологтың визиттік карточкасы» - таныстыру;
2. «Тәжірибелік іс-шара» - өз жұмыс тәжірибесін көрсету;
3. «Таңдаған тақырыпқа эссе жазу».

Аудан, қалалардан барлығы 13 педагог-психолог қатысты.

Байқау қорытындысы бойынша мектепке дейінгі ұйымдар арасында:

I дәрежелі дипломмен Мұнайлы ауданы №5 "Айналайын" бөбекжайының педагог-психологы Утеулиева Айман Кеңесбайқызы;

II дәрежелі дипломмен Жаңаөзен қаласы, №4 "Самал" бөбекжайының педагог-психологы Табылдиева Қазына Дүйсенғалиқызы;

III дәрежелі дипломмен Қарақия ауданы "Аружан" бөбекжайының педагог-психологы Алданепесова Меруерт Бисенқызы;

III дәрежелі дипломмен Маңғыстау ауданы "Дарын" балабақшасының педагог-психологы Ізбасарова Ақтоты;

Жалпы білім беретін мектептер арасында:

I дәрежелі дипломмен Мұнайлы ауданы Ш. Мұңалұлы атындағы №5 жалпы білім беретін мектептің педагог-психологы Самархан Бағдат Әбубәкірқызы;

II дәрежелі дипломмен Түпқараған ауданы Е. Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектептің педагог-психологы Елеусинова Милана Әминқызы;

III дәрежелі дипломмен Қарақия ауданы №9 жалпы білім беретін мектептің педагог-психологы Қашқынбай Сандуғаш Жақсыбайқызы марапатталады.



2023 жылдың 1-3 наурыз күндері аралығында республикалық «Үздік жыл психологы – 2023» байқауы Алматы қаласында өтті. Маңғыстау облысынан Жаңаөзен қаласының №21 жалпы білім беретін мектептің педагог-психологы Сарсенова Аймереке Өмірбайқызы 3-5 жыл аралығында категория бойынша I орынды иеленді. Сонымен қатар, Мұнайлы ауданы №2 жалпы білім беретін мектептің педагог-психологы Токпакова Айгерім Алибайқызы 7 жылдан жоғары категория бойынша III орынды иеленді.



Облыстық «Сана» олимпиадасы

2023 жылдың 26 сәуір күні Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының іс-шаралар жоспарына сәйкес, жалпы білім беретін мектептердегі 3 жылдан жоғары еңбек өтілі бар педагог-психологтер арасында “Сана” олимпиадасы Мұнайлы ауданы №12 жалпы білім беретін мектебінде өткізілді.

Мақсаты: педагог-психологтердің «педагогика және психология» пәні бойынша білім деңгейін көтеру, білімдерін тереңдету, кәсіби біліктілігін арттыру, педагог-психолог мамандығының дәрежесін көтеру.

Олимпиада төрт кезеңнен тұрды:

1. «Өзін-өзі таныстыру»
2. «Таңдаған тақырыпқа эссе жазу»
3. «Тест сұрақтары»
4. «Психологтың электрондық портфолиосы»

Аудан, қалалардан барлығы 7 педагог-психолог қатысты.

Олимпиада қорытындысы бойынша:

- I дәрежелі дипломмен Ербосын Бибігул Досболқызы (Қарақия ауданы №5 жалпы білім беретін мектептің педагог-психологы)
- II дәрежелі дипломмен Базарбаева Ұлбике Сметуллаевна (Мұнайлы ауданы №13 мектеп-гимназиясының педагог-психологы);
- III дәрежелі дипломмен Утепова Нұрсауле Аманғалиқызы (Жаңаөзен қаласы №21 жалпы білім беретін мектептің педагог-психологы) марапатталады.



Республикалық «Үздік жыл психологі» байқауының облыстық кезеңі

2023 жылдың 23 мамыр күні Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының іс-шаралар жоспарына сәйкес, жалпы білім беретін мектептердегі педагог-психологтер арасында республикалық «Үздік жыл психологі» байқауының облыстық кезеңі сырттай өткізілді.

Мақсаты: талантты, шығармашылықпен жұмыс істейтін, кәсіптік біліктілігін көрсете алатын психологтерді анықтау, қолдау және ынталандыру.

Аудан, қалалардан барлығы 14 педагог-психолог қатысты.

Байқау қорытындысы бойынша:

3-5 жыл еңбек өтілі бар педагог-психологтер арасында:

I орын - Утепова Нурсауле Амангалиқызы (Жаңаөзен қаласы №21 жалпы білім беретін мектептің педагог-психологі);

II орын - Ағанияз Жансая Абдуллақызы (Мұнайлы ауданы №2 жалпы білім беретін мектептің педагог-психологі);

III орын - Жолдас Ақмарал Қанатқызы (Қарақия ауданы №4 жалпы білім беретін мектептің педагог-психологі).

5-7 жыл еңбек өтілі бар педагог-психологтер арасында:

I орын - Қойбағарова Нұргүл Шамыханқызы (Мұнайлы ауданы №14 жалпы білім беретін мектептің педагог-психологі);

II орын - Шабаева Қаламқас Шабайқызы (Жаңаөзен қаласы №9 жалпы білім беретін мектептің педагог-психологі);

III орын - Аққұлова Айнұр Нұрсұлтанқызы (Түпқараған ауданы М.Әбдіхалықов атындағы мектеп-гимназиясының педагог-психологі).

«Креативті педагог-психолог» номинациясымен **Ербосын Бибігүл Досболқызы** (Қарақия ауданы №5 жалпы білім беретін мектептің педагог-психологі);

«Шығармашыл педагог-психолог» номинациясымен **Айладырова Алмагүл Есмұратқызы** (Маңғыстау ауданы Б. Жұмалиев атындағы жалпы білім беретін мектептің педагог-психологі).

7 жылдан жоғары еңбек өтілі бар педагог-психологтер арасында:

I орын - Баймуратова Баян Бахиевна (Ақтау қаласы №11 лицейінің педагог-психологі);


II орын - Ахметова Айман Жалгасовна (Мұнайлы ауданы №7 жалпы білім беретін мектептің педагог-психологі);

III орын - Сырлыбаева Айна Байдуллаевна (Бейнеу ауданы Үстірт жалпы білім беретін мектебінің педагог-психологі).

«Өз саласының кәсіби маманы» номинациясымен Абишева Раушан Айтбаевна (Қарақия ауданы №6 жалпы білім беретін мектептің педагог-психологі);

«Мәртебелі педагог-психолог» номинациясымен Куйкишова Камшат Габитовна (Маңғыстау ауданы А. Меңдалыұлы атындағы жалпы білім беретін мектептің педагог-психологі);

«Ізденімпаз педагог-психолог» номинациясымен Адиетова Светлана Кошмуратовна (Түпқараған ауданы М. Горький атындағы жалпы білім беретін мектеп-лицейінің педагог-психологі) марапатталды.



Облыстық «Үздік жыл психологы» байқауының қорытындысы

р/с	Аудан, қала атауы	Аудан, қалада қатысқандар саны	Облысқа ұсынылғандар саны	I орын	II орын	III орын
1	Ақтау қаласы	5	1	1	-	-
2	Жаңаөзен қаласы	2	2	1	1	-
3	Бейнеу ауданы	1	1	-	-	1
4	Қарақия ауданы	3	3	-	-	1
5	Маңғыстау ауданы	2	2	-	-	-
6	Мұнайлы ауданы	14	3	1	2	-
7	Түпқараған ауданы	2	2	-	-	1
Барлығы:		29	14	3	3	3

Облыстық «Менің зерттеу жобам» байқауы

2023 жылдың 26 қазан күні Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының іс-шаралар жоспарына сәйкес, «Менің зерттеу жобам» тақырыбында облыстық байқауы сырттай өткізілді.

Мақсаты: Шығармашылықпен жұмыс істейтін, кәсіптік біліктілігін көрсете алатын педагог-психологтерді анықтау, қолдау және ынталандыру, педагог-психолог мамандығының ережесін көрсету.

Байқауға аудан, қала бойынша 7 педагог-психолог қатысты.

Байқау қорытындысы бойынша педагог-психологтер төмендегідей жүлделі орындармен марапатталды:

I орын - Мұнайлы ауданы Ш. Мұңалұлы атындағы №5 ЖББМ педагог-психологі Джайлханова Анар Ноғайқызы;

II орын - Жаңаөзен қаласы №9 ЖББМ педагог-психологі Сүгірова Айгерім Орынбасарқызы;

III орын - Ақтау қаласы №27 ЖББМ педагог-психологі Айтқұлова Айдана Құнайқызы.

Жеңімпаздарды құттықтаймыз!



Облыстық «Үздік әлеуметтік педагог» байқауы

2023 жылдың 29 қараша күні білім берудің оқу-әдістемелік орталығының іс-шаралар жоспарына сәйкес, әлеуметтік педагогтер арасында «Үздік әлеуметтік педагог» облыстық сырттай байқауы өткізілді.

Байқау мақсаты: Шығармашылықпен жұмыс жасайтын, кәсіптік біліктілігі жоғары әлеуметтік педагогтерді анықтау, қолдау және қоғамда әлеуметтік педагог мамандығының дәрежесін көтеру, білім беру жүйесінде әлеуметтік – психологиялық бағытты жетілдіру.

Байқауға аудан, қаладан 7 әлеуметтік педагог қатысты.

Қазылар алқасы қатысушылардың жұмыстарын бағалай келіп, төмендегідей қорытынды шығарды:

I орын - Жанғожина Альбина Нұрбекқызы (Бейнеу ауданы, Опорный жалпы білім беретін мектебінің әлеуметтік педагогі);

II орын - Қоныршаева Гүлден Ғалымқызы (Түпқараған ауданы, Е. Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінің әлеуметтік педагогі);

III орын - Жоламан Аида Қайратқызы (Қарақия ауданы, №9 бастауыш мектебінің әлеуметтік педагогі);

III орын - Айтбекова Гүлнұр Ерланқызы (Мұнайлы ауданы, №8 жалпы білім беретін мектебінің әлеуметтік педагогі);

”Ізденімпаз әлеуметтік педагог” номинациясымен - Малаева Баян Әділханқызы (Ақтау қаласы, №11 лицейінің әлеуметтік педагогі);

”Шығармашыл әлеуметтік педагог” номинациясымен - Алкатаева Шолпан Кималадинқызы (Жаңаөзен қаласы, №13 дарын мектеп-лицейінің әлеуметтік педагогі);

”Үлгілі әлеуметтік педагог” номинациясымен - Жолдыбаева Шырын Батырбекқызы (Маңғыстау ауданы, Қаратөбе жалпы білім беретін мектебінің әлеуметтік педагогі) марапатталды.

Жеңімпаздарды жүлделі орындарымен құттықтаймыз!



Өткізілген облыстық семинарлар, вебинарлар, семинар-тренингтер, әдістемелік күндер

№	Тақырыбы	Күні	Қатысушылар түрі	Қатысушылар саны	Сілтемелері
Семинарлар					
1	«Педагог-психологтың тәжірибесіндегі ресурстық әдістер» семинар – практикум	23 қаңтар 2023 жыл	Жалпы білім беру ұйымдарындағы педагог-психологтер	38 педагог-психолог	https://www.instagram.com/reel/Cnw8Rgrt2_t/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==
2	«Білім берудің қазіргі даму жағдайындағы мектеп психологы» семинар	30 қаңтар 2023 жыл	Жалпы білім беру ұйымдарындағы педагог-психологтер	95 педагог-психолог	https://www.instagram.com/reel/CoEOiHuoDcK/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==
3	«Білім беру ұйымдарында қауіпсіз орта құру» семинар-практикум	17 ақпан 2023 жыл	Білім беру ұйымдарынан ДТЖО, педагог-психологтер, сынып жетекшілер, әлеуметтік педагогтер	37 педагог-психолог	https://www.instagram.com/reel/CoxPytWoD38/?igshid=MzRIODBiNWFIZA== Практикалық бөлім психологтер: https://www.instagram.com/reel/CoxQK0JoJx0/?igshid=MzRIODBiNWFIZA== Практикалық бөлім әлеуметтік педагогтер: https://www.instagram.com/reel/CoxS6XLIKSr/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==
4	«Жас психолог мектебі» оқыту семинары аясында «Психодиагностика – мектеп психологының кәсіби іс-әрекетіндегі бағыттардың бірі» семинар - практикум	28 ақпан 2023 жыл	Білім беру ұйымдарындағы педагог-психологтер	65 педагог-психолог	https://www.instagram.com/reel/CpNEO1iPsvj/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==
5	«Кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтік мінез-құлықтың және балаларға қатысты зорлық-зомбылықты алдын-алу» семинар-тренинг	10 наурыз 2023 жыл	Арнайы және жалпы білім беретін, облыстық мектептерден сонымен қатар, кәсіптік және техникалық білім беретін колледж педагог-психологтері	115 педагог-психолог	https://www.instagram.com/reel/Cpms5pOtckQ/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==
6	«Студенттердің психологиялық саулығына бағытталған педагог-психолог жұмысының негізгі принциптері» семинар – практикум	24 наурыз 2023 жыл	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагог-психологтері	20 педагог-психолог	https://www.instagram.com/reel/CqLKXP_A0pq/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==

7	«Жас психолог мектебі» оқыту семинары аясында «Мектеп жасындағы балалармен жүргізілетін психокоррекциялық жұмыстар және ерекшеліктері» семинар – практикум	28 наурыз 2023 жыл	Жалпы білім беру ұйымдарының жас педагог-психологтері	50 педагог-психолог	https://www.instagram.com/reel/CqVMwO0pJqP/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==
8	«Әлеуметтік педагогтың кәсіби қызметі: жұмыстың негізгі формалары мен әдістері» семинар	14 сәуір 2023 жыл	Жалпы білім беру ұйымдарының әлеуметтік педагогтері	70 әлеуметтік педагог	https://www.instagram.com/tv/CrA9wEKIMF-/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==
9	«Мектептегі психологиялық қызмет: Негізгі бағыттар мен мәселелер» семинар	28 сәуір 2023 жыл	Білім беру ұйымдарынан педагог-психологтер, сынып жетекшілер, әлеуметтік педагогтер	69 маман	https://www.facebook.com/100050472262657/posts/pfbid025PHPLPKKe943cLrHdTzGJ2WSLnPodEw4FuPFefYnvo7JXdkjskQPfDM5Rf77ppSwRI/?mibextid=cr9u03
10	«Психологиялық қызметтің тиімді жұмыс істеу моделі» тақырыбындағы облыстық семинар-практикум	13 қыркүйек 2023 жыл	Білім беру ұйымдарынан педагог-психологтер, әлеуметтік педагогтер	150 маман	https://www.instagram.com/reel/CxlaGC1Mvuw/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==
11	«Зорлық-зомбылықтың және аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алуда бала психологиясының қалыптасу негіздері» тақырыбында жүрмелі семинар	18 қыркүйек 2023 жыл	Білім беру ұйымдарынан ДТЖО, педагог-психологтер, әлеуметтік педагогтер	353 маман	https://www.instagram.com/p/CxctTBtsQV3/?igshid=MzRIODBiNWFIZA== ; https://www.instagram.com/p/CxVb6CLs9pH/?igshid=MzRIODBiNWFIZA== ; https://www.instagram.com/p/CxXiY7isKty/?igshid=MzRIODBiNWFIZA== ; https://www.instagram.com/p/CxX8q1rspfA/?igshid=MzRIODBiNWFIZA== ; https://www.instagram.com/p/CxctTBtsQV3/?igshid=MzRIODBiNWFIZA== ; https://www.instagram.com/p/CxdINmzskek/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==
12	«Әлеуметтік педагогтердің жұмысын жаңарту жолдарының инновациялық бағыттары» тақырыбында облыстық онлайн семинар	28 қыркүйек 2023 жыл	Білім беру ұйымдарының әлеуметтік педагогтері	95 маман	https://www.instagram.com/reel/Cxuxu1yslH/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==

13	“Девиантты мінез-құлықты балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау жұмыстары” тақырыбында облыстық психологиялық кеңес қызметінің отырысы	20 қазан 2023 жыл	Облыстық психологиялық кеңес қызметінің мүшелері	20 маман	https://www.instagram.com/reel/CyncgtsBu9/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==
14	«Түпқараған жастары» жастар қоғамдық бірлестігінің жобасы аясында білім беру ұйымдарындағы педагог-психологтер мен пән мұғалімдеріне арналған «Бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы даярлауды қамтамасыз ету» тақырыбында барлық аудан, қалаларда жүрмелі оқыту семинары	20-27 қараша 2023 жыл	Білім беру ұйымдарының жас педагог-психологтері	49 педагог-психолог	
Вебинарлар					
15	«Жас психолог мектебі» оқыту вебинары аясында «Психологиялық кеңес беру түрлері, олардың ерекшелігі» өткізілген облыстық вебинар.	11 мамыр 2023 жыл	Білім беру ұйымдарының жас педагог-психологтері	80 педагог-психолог	https://www.instagram.com/tv/CsGX5A_lpsG/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==
16	«Психологтың шеберханасы: кәсіби кейс талдау» тақырыбында облыстық вебинар	18 мамыр 2023 жыл	Білім беру ұйымдарының жас педагог-психологтері	35 педагог-психолог	https://www.instagram.com/p/CsbH1CVMTxV/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==
17	“Психологиялық қызметтің” жұмысында “”HR+” психологиялық-педагогикалық мониторингтің автоматтандырылған жүйесін таныстыру” бойынша ZOOM платформасында оқыту семинары	6-7 қыркүйек 2023 жыл	ДТЖО, педагог-психологтер, әлеуметтік педагогтер	600 жуық маман	https://www.instagram.com/p/Cw2jC7smiO/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==
18	“Жас психолог мектебі” оқыту семинары аясында “Өзгермелі әлемдегі өзгертін жастар: Z ұрпағының әлеуметтенуінің өзекті мәселелері” тақырыбында	27 қазан 2023 жыл	Білім беру ұйымдарының жас педагог-психологтері	60 жас педагог-психолог	https://www.instagram.com/p/Cy5WSZgMGms/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==

	облыстық онлайн семинар				
Форум					
19	«Психологиялық қызмет – үш бірліктің бала тәрбиесіндегі рөлі» тақырыбында облыстық форумы	28 қараша 2023 жыл	ДТЖО, педагог-психологтер, әлеуметтік педагогтер, ТИПО және арнайы білім беру ұйымдары мамандары	38 педагог-психолог, 21 әлеуметтік педагог (Барлық қатысушы:122)	https://www.instagram.com/reel/C0MmRovsGWP/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==
Ашық есік күні					
20	«Баланың басты ұстазы – ата-ана» тақырыбында жүрмелі түрде өткізілген облыстық ашық есік күні	4-7 сәуір 2023 жыл	Педагогтер мен ата-аналар	1365 ата-аналар мен педагогтер	https://www.instagram.com/tv/Cqp0w48A2mf/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==
Апталықтар					
21	Апталық: «Өмірге «Иә» деп айт!»	6-10 ақпан 2023 жыл	Білім беру ұйымдарының білім алушыларымен өткізіледі	10000 астам оқушылар, 1000 жуық ата-ана, 100 жуық педагогтер	https://www.instagram.com/p/CoWRGCQIxPu/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==
22	Апталық: «Психикалық денсаулық»	10-13 қазан 2023 жыл	Білім беру ұйымдарының білім алушыларымен, ата-аналары және педагогтерімен өткізіледі	28396 білім алушылар; 5787 ата-аналар; 3564 педагог	
Дөңгелек үстел					
23	ДТЖО, педагог-психологтер, әлеуметтік педагогтер, қосымша және арнайы білім беру ұйымдары мамандарынан құралған облыстық қауымдастық отырысы өткізілді	17 қаңтар 2023 жыл	ДТЖО, педагог-психологтер, әлеуметтік педагогтер, қосымша және арнайы білім беру ұйымдары мамандары	24 педагог	https://www.instagram.com/reel/CniqcoptTFV/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==
Әдістемелік күндер					
24	Жаңаөзен қаласындағы №1 және №2 жалпы білім беретін мектептеріне әдістемелік көмек көрсетілді.	3 ақпан 2023 жыл	ДТЖО, педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтер, сынып жетекшілерге	65 педагог	https://www.instagram.com/p/CoNWDYXMOrk/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==
25	Әлеуметтік педагогтердің біліктілігін және кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында әдістемелік көмек	7 ақпан 2023 жыл	Жалпы білім беру ұйымдарының әлеуметтік педагогтері	100 әлеуметтік педагог	https://www.instagram.com/p/CoXfSeXswaZ/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==

26	Түпқараған ауданындағы Е. Өмірбаев атындағы және З. Баймырзаев атындағы жалпы білім беретін мектептеріне әдістемелік көмек көрсетілді.	19 мамыр 2023 жыл	ДТЖО, педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтер	16 педагог	https://www.instagram.com/p/CsbH1CVMTxV/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==
27	Маңғыстау ауданының жалпы білім беретін мектептеріне “2023-2024 оқу жылында ҚР орта білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы” тақырыбында әдістемелік көмек	11 қыркүйек 2023 жыл	ДТЖО, педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтер	50 педагог	https://www.instagram.com/p/CxDfWvqMxnF/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==
Барлығы:				2415 педагог-психолог, 8152 ата-ана, 38396 білім алушы, 3664 пән мұғалімдері	

Республикалық байқаулар

№	Тақырыбы	Күні	Қатысушылар түрі	Қатысушылар саны	Марапаттар		
					I	II	III
1	Республикалық «Үздік жыл психологы – 2023» байқауы	1-3 наурыз 2023 жыл	Педагог-психологтер	3 педагог-психолог	1	-	1

1. <https://www.instagram.com/p/CpUQxaesvh-/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

Облыстық байқаулар

№	Тақырыбы	Күні	Қатысушылар түрі	Қатысушылар саны	Марапаттар		
					I	II	III
1	Облыстық «Психология әлемі» байқауы	22 ақпан 2023 жыл	Білім беру ұйымдарындағы және мектепке дейінгі ұйымдардағы педагог-психологтер	13 педагог-психолог	2	2	3
2	Облыстық «Сана» педагог-	26 сәуір 2023 жыл	Білім беру ұйымдарының педагог-психологтері	7 педагог-психолог	1	1	1

	психологтер олимпиадасы						
3	Облыстық «Үздік жыл психологы» байқауы	23 мамыр 2023 жыл	Білім беру ұйымдарының педагог-психологтері	7 педагог-психолог	3	3	3
4	Облыстық «Менің зерттеу жобам» байқауы	26 қазан 2023 жыл	Білім беру ұйымдарының педагог-психологтері	7 педагог-психолог	1	1	1
5	Облыстық «Үздік әлеуметтік педагог»	29 қараша 2023 жыл	Білім беру ұйымдарының әлеуметтік педагогтері	7 әлеуметтік педагог	1	1	2
Барлығы:				30	8	8	10

Әлеуметтік желі сілтемелері:

1. <https://www.instagram.com/p/Co98g-Esigo/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>
2. <https://www.instagram.com/reel/CrfnSmnPLvl/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>
3. <https://www.instagram.com/reel/Cslbxhlsyos/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>
4. <https://www.instagram.com/reel/Cy22AxWsn46/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>
5. <https://www.instagram.com/reel/C0OuijwMsR3/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

Облыстық байқауларға аудан, қала сұраныстары

p/c	Аудан, қала атауы	Аудан, қаладан қатысқандар саны	Облысқа ұсынылғандар саны	I орын	II орын	III орын
Облыстық «Психология әлемі» байқауы						
1	Ақтау қаласы	13	2	-	-	-
2	Жаңаөзен қаласы	4	2	-	1	-
3	Бейнеу ауданы	2	2	-	-	-
4	Қаракия ауданы	5	2	-	-	2
5	Маңғыстау ауданы	5	2	-	-	1
6	Мұнайлы ауданы	12	2	2	-	-
7	Түпқараған ауданы	1	1	-	1	-
Барлығы:		42	13	2	2	3
Облыстық «Сана» педагог-психологтер олимпиадасы						
1	Ақтау қаласы	6	1	-	-	-
2	Жаңаөзен қаласы	6	1	-	-	1
3	Бейнеу ауданы	5	1	-	-	-
4	Қаракия ауданы	4	1	1	-	-
5	Маңғыстау ауданы	3	1	-	-	-
6	Мұнайлы ауданы	10	1	-	1	-
7	Түпқараған ауданы	4	1	-	-	-
Барлығы:		38	7	1	1	1
Облыстық «Үздік жыл психологі» байқауы						
1	Ақтау қаласы	5	1	1	-	-
2	Жаңаөзен қаласы	2	2	1	1	-
3	Бейнеу ауданы	1	1	-	-	1
4	Қаракия ауданы	3	3	-	-	1
5	Маңғыстау ауданы	2	2	-	-	-
6	Мұнайлы ауданы	14	3	1	2	-
7	Түпқараған ауданы	2	2	-	-	1
Барлығы:		29	14	3	3	3
Облыстық «Менің зерттеу жобам» байқауы						
1	Ақтау қаласы	6	1	-	-	1

2	Жаңаөзен қаласы	3	1	-	1	-
3	Бейнеу ауданы	3	1	-	-	-
4	Қарақия ауданы	4	1	-	-	-
5	Маңғыстау ауданы	2	1	-	-	-
6	Мұнайлы ауданы	5	1	1	-	-
7	Түпқараған ауданы	3	1	-	-	-
Барлығы:		26	7	1	1	1
Облыстық «Үздік әлеуметтік педагог» байқауы						
1	Ақтау қаласы	3	1			
2	Жаңаөзен қаласы	4	1			
3	Бейнеу ауданы	3	1	1		
4	Қарақия ауданы	3	1			1
5	Маңғыстау ауданы	5	1			
6	Мұнайлы ауданы	5	1			1
7	Түпқараған ауданы	3	1		1	
Барлығы:		26	7	1	1	2
Жалпы саны:		161	48	8	8	10

Білім беру ұйымдарының байқауларға қатысы

Білім беру ұйымдарының атауы	Байқаулардың атауы				
	«Психология әлемі» облыстық байқауы	«Сана» жас педагог-психологтар облыстық олимпиадасы	Республикалық «Үздік жыл психологы» байқауы облыстық кезеңі	«Менің зерттеу жобам» облыстық байқауы	«Үздік әлеуметтік педагог» облыстық байқауы
Ақтау қаласы					
№9 ЖББМ	1				
№19 «Толағай» бөбекжайы	1				
№19 мектеп-гимназия		1			
№11 лицей			1		1
№27 ЖББМ				1	
Жаңаөзен қаласы					
Қ.Күржіманұлы ат. №8 ЖББМ	1				
№4 «Самал» бөбекжайы	1				
№21 ЖББМ		1	1		
№9 ЖББМ			1	1	
№13 Дарын мектеп-лицейі					1
Бейнеу ауданы					
Абай ЖББМ	1				
Есет мектеп-бөбекжай кешені	1				
Атамекен ЖББМ		1			
Үстірт ЖББМ			1		
Бейнеу лицейі				1	
Опорный ЖББМ					1
Қарақия ауданы					
№9 бастауыш мектеп	1				1
«Аружан» бөбекжай кешені	1				
№5 ЖББМ		1	1		
№4 ЖББМ			1		

№6 ЖББМ			1	1	
Маңғыстау ауданы					
№7 мектеп-лицей	1				
«Дарын» балабақшасы	1				
Жармыш ЖББМ		1			
Б.Жұмалиев ЖББМ			1		
А.Меңдалыұлы ЖББМ			1		
Е.Айшуақұлы ат. ЖББМ				1	
Қаратөбе ЖББМ					1
Мұнайлы ауданы					
Ш.Мұңалұлы ат. №5 ЖББМ	1			1	
№5 «Айналайын» бөбекжайы	1				
№13 мектеп-гимназия		1			
№2 ЖББМ			1		
№14 ЖББМ			1		
№7 ЖББМ			1		
№8 ЖББМ					1
Түпқараған ауданы					
Е.Өмірбаев ат. ЖББМ	1			1	1
А.М.Горкий ат. мектеп-лицей		1	1		
М.Өбдіхалықов мектеп-гимназия			1		
Барлығы:	13	7	14	7	7

2023 жылы облыстық қауымдастықтардың өткізген іс-шаралары

№	Тақырыбы	Күні	Қатысушылар түрі	Қатысушылар саны	Сілтемелері
1	Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған ден қою жөніндегі іс-қимыл алгоритмі	17 қаңтар 2023 жыл	директордың тәрбие жөніндегі орынбасарлары, педагог-психологтер, әлеуметтік педагогтер, қосымша және арнайы білім беру ұйымдары мамандарынан құралған облыстық қауымдастықтардың отырысы	4 педагог-психологтер, 5 әлеуметтік педагогтер	https://www.instagram.com/reel/CniqcoptTFV/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==
2	«Жас психологтардың кәсіби құзіреттілігін арттыру»	01 ақпан 2023 жыл	педагог-психологтер	35 педагог-психологтер	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02AxTA77FTJ6DsFEUqLHbNhMpFBg3wAz5ND1CRPitMh4EiJPKUpsKiihH61YdhKKPI&id=100089815966750&mibe_xtid=ZbWKwL

3	«Тәжірибе алмасу алаңы» слет	12 мамыр 2023 жыл	директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының, педагог-психологтердің және әлеуметтік педагогтердің облыстық қауымдастықтары	32 педагог-психолог, 30 әлеуметтік педагог	https://www.instagram.com/reel/CsJ2owdMijT/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==
4	“Педагог-психологтың құқықтары мен міндеттері, негізгі қызметтік мәселелері, нормативтік-құқықтық құжаттар” онлайн вебинар	27 қыркүйек 2023 жыл	педагог-психологтер	68 маман	https://www.instagram.com/p/CxsIxNdMjEI/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==
5	“Әлеуметтік педагогтің әртүрлі санаттағы балалармен жұмысы” тақырыбында облыстық онлайн вебинар	27 қазан 2023 жыл	әлеуметтік педагогтер	60 маман	https://www.instagram.com/p/Cy5zOZrsem7/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==
6	«Ата-аналармен жұмысты тиімді ұйымдастыру әдістері» онлайн семинар-кеңес	22 қараша 2023 жыл	әлеуметтік педагогтер	63 жас әлеуметтік педагог	https://www.instagram.com/p/Cz8K4SFMQb6/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==
Барлығы:				297 қатысушы	

БАҚ бетіне жарияланған мақалалар

№	Аудан, қала атауы	Жарияланған мақала саны		Барлығы
		Педагог-психологтер	Әлеуметтік педагогтер	
1	Ақтау қаласы	4	0	4
2	Жаңаөзен қаласы	3	5	8
3	Бейнеу ауданы	6	1	7
4	Қарақия ауданы	1	2	3
5	Маңғыстау ауданы	1	0	1
6	Мұнайлы ауданы	2	4	6
7	Түпқараған ауданы	1	0	1
8	Колледждер	3	1	4
Барлығы:		21	13	34

Психологиялық қолдау бөлімінің 2023 жылы атқарған жұмыстарына SWOT талдау



Мықты жақтары	Әлсіз жақтары	Мүмкіндіктер	Қауіп-қатерлер
<p>1.Біліктілік арттыру курстарынан өткен кәсіби мамандардың артуы;</p> <p>2.Жұмыс барысында басшылыққа алынатын нақты нормативтік құжаттардың болуы;</p> <p>3.Педагог-психологтер мен әлеуметтік педагогтердің өздігінен кәсіби өсуіне ұмтылыстың жоғарлауы (өз қаражаттарына ақылы курстар мен семинарларға, оқуларға қатысуы);</p> <p>4. Педагог-психологтер өз кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында облыстық, республикалық байқауларға қатысуы;</p>	<p>1.Санатсыз педагог-психологтер мен әлеуметтік педагогтердің және жас мамандардың көптігі;</p> <p>2.Облыстық деңгейде семинарларға, конференцияларға қатысып жүргендерімен, республикалық деңгейде семинарлар, конференция, форумда спикер ретінде қатысудан тартынулары;</p> <p>3. Аудандық, қалалық оқу-әдістемелік орталықтарында әлеуметтік педагогтердің жұмысын сүйемелдейтін әдіскердің жұмысының жеткіліксіздігі;</p>	<p>1.Шығармашылықпен жұмыс жасайтын педагог-психологтер мен әлеуметтік педагогтердің тәжірибесін зерттеу, жинақтау, тарату жұмыстарын ұйымдастыру;</p> <p>2.Жаңа идеяшыл, шығармашыл мамандарды ынталандыру;</p> <p>3. Жобаларды әзірлеп, іске асыру;</p> <p>4.Авторлық бағдарламалар дайындауда әдістемелік көмекті күшейту;</p> <p>5.Заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы педагог-психологтер мен әлеуметтік педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыруда жұмыстарды жалғастыру;</p>	<p>1. Әлеуметтік педагогтердің арасындағы кадр тұрақсыздығы;</p> <p>2. Әлеуметтік педагогтердің көбі басқа мамандық иелері;</p> <p>3. Жас педагог-психологтер мен әлеуметтік педагогтердің тәжірибе жинақтауда тәлімгерлердің бекітілмеуі;</p>